

« 17 » 11 2017 ж.
Құрылтайшымен шешімімен
БЕКІТІЛГЕН



«Жаңаөзен политехникалық колледжі»

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Жарғысы

Устав
Товарищества с ограниченной ответственностью

«Жаңаөзен политехникалық колледжі»

Ұйымдастыру құқықтық нысаны	-жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Меншіктің түрі	- жеке меншік
Орналасқан жері	-130200, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен облыстық маңызы бар қаласы қаласы, Рахат ауылы, Ақсу шағын ауданы, Басығара Түрнийзұлы көшесі, құрылыс 76, 76 А,

Жаңаөзен қаласы, 2017 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Жарғы бұдан әрі «Серіктестік», кейде колледж деп аталатын жауапкершілігі шектеулі серіктестігі түрінде құрылған, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан республикасының Азаматтық Кодексі, Қазақстан республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Білім туралы» заңдарының, өзге де заңнамалық келісімдердің және құрылтай құжаттарының негізінде шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде жұмыс істейтін заңды тұлға – білім беру ұйымының қызметін реттейді.

1.2. Серіктестіктің атауы:

- Мемлекеттік тілде – «Жаңаөзен политехникалық колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- Орыс тілінде – Товарищество с ограниченной ответственностью «Жаңаөзен политехникалық колледжі»

1.3. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 1302000, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен облыстық маңызы бер қаласы, Рахат ауылы, Ақсу шағын ауданы, Басығара Тұрғиязұлы көшесі, құрылыс 76, 76 А.

1.4. «Жаңаөзен политехникалық колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы болып, бұдан былай қатысушысы деп аталатын, Қазақстан республикасының азаматшасы Болатбаева Тлектес Аманкосовна болып табылады. Жеке куәлік № 017880212, 07.01.2005 жылы Қазақстан республикасының Әділет Министрлігімен берілген, тұрғылықты жері: 130200, Қазақстан республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Астана шағын ауданы 6 к-шесі 9 үй.

2. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ, ҚҰЗІРЕТІ, ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылды деп саналады. Серіктестік білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын және білім алушыларды тәрбиелеуді қамтамасыз ететін білім беру ұйымы болып табылады, серіктестіктің қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты заңдарға өзі қосқан салымның құнының шегінде тәуекел етеді.

2.2. Серіктестіктің қызметінің мерзімі шектелмеген.

2.3. Серіктестіктің өз қызметін Жарғының негізінде жүзеге асады.

2.4. Серіктестік білім беру ұйымы ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасында тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгілік ережелер мен осы Жарғыда белгіленген шектерде оқу және тәрбие процессін жүзеге асыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда ғылыми, қаржы шаруашылық және өзге де қызметте дербес болады.

2.5. Серіктестік өз қызметін жария түрде жүзеге асырады, жұртшылықты оқу, ғылыми-зерттеу және қаржы қызметі туралы хабар етеді.

2.6. Серіктестіктің білім беру ұйымы ретінде құзыретіне мына функциялар:

- 1) Ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;
- 2) Әскери мамандықтар бойынша жұмыстық оқу бағдарламалары мен жұмыстық оқу жоспарларынан басқа жұмыстық оқу бағдарламалары мен жұмыстық оқу жоспарларын әзірлеу және бекіту;
- 3) Білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияғы сәйкес білім алушылардың контингентін қалыптастыру;
- 4) Оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде оқытудың кредиттік технологиясын және қашықтан білім беру технологияларын енгізу;
- 5) Ұлттық бірыңғай тестілеу мен техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кәсіптері (мамандықтары) бойынша біліктікті беруді қоспағанда білім алушылардың үлгерімдік ағымдық бақылауды аралық және қорытынды аттестациялауын жүргізу;
- 6) Өз қаражаттары шектерінде ұйымдағы қызметкерлерге Қазақстан республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымдық айлықақылар (ставкалар), қосымша ақылар, үстеме ақылар және өзге де ынталандыратын төлемдер белгілеу;
- 7) Қазақстан республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярладуды қамтамасыз ету.
- 8) Білім беру ұйымдарын материалды-техникалық қамтамасыз ету, жарақтандырумен жабдықтау;
- 9) Қазақстан республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) ұсыну;
- 10) Жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша қаржылық және материалдық қаражат көздерін тарту;
- 11) Білім алушыларды тамақпен және медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету, білім алушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ету;
- 12) Білім алушылардың жекелеген санаттарына Қазақстан республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер материалдық қамсыздандыру түрлерінің уақтылы берілуін қамтамасыз ету;
- 13) Білім алушыларды асырау және олардың тіршілік ету жағдайларының белгіленген нормалардан төмен болмауын қамтамасыз ету.

- 14) қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;
15) Қазақстан республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті табыс ету.

2.7. Серіктестік банк мекемелерінде есептік, ағымдық, валюталық және тағы да басқа шоттарды аша алады, өзінің атауы бар мөрі, мөртаңбасы, фирмалық бланкілері, тауарлық белгілері және үлгілерін серіктестіктің қатысуымен бекітілген күтім жасау белгілері болады.

2.8. Серіктестік халықаралық нарыққа шыққан жағдайда халықаралық құқықты басшылыққа алады.

2.9. Серіктестікке жаңа қатысушыны қабылдау құрылтай шартымен рәсімделеді.

2.10. Серіктестікке қатысушылар:

- қолданыстағы заңда және осы Жарғыда көзделген тәртіппен серіктестік істерін басқаруға қатысуға;
- Жарғыдағы көзделген тәртіп бойынша серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның бухгалтерлік және өзге де құжатамасымен танысуға;
- серіктестік қызметінен табыс алуға;
- серіктестік таратылған жағдайда кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе серіктестіктің барлық қатысушыларының келісімі бойынша осы мүліктің бір бөлігін заттай алуға;
- қолданыстағы Заңда көзделген тәртіппен өз үлесін бөліп алу арқылы серіктестікке қатысуын тоқтатуға;
- қолданыстағы Заңда және Жарғыда көзделген олардың құқықтарын бұзған серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

2.11. Серіктестікке қатысушылар:

- Жарғының және құрылтай шартының талаптарын орындауға;
- Жарғыда көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар салуға;
- серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;
- серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізген жағдайда серіктестікке қатысушылардың (серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын серіктестіктерді қоспағанда) олардың атауы, орналасқан жері, мекен-жайы, реквизиттері (егер құрылтайшы заңды тұлға болса) немесе аты-жөні, тұратын жері және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (егер құрылтайшы жеке тұлға болса) көрсетілген тізбесі туралы мәліметтердің өзгергені атқарушы органға, сондай-ақ тіркеушіге жазбаша хабарлауға міндетті.

3. СЕРІКТЕСТІККЕ ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ЖӘНЕ ҮЛЕСТЕРДІ САТЫП АЛУШЫЛАРҒА СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

3.1. Серіктестікке қатысушыларға және үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну олар серіктестіктің атқарушы органына талап қойғаннан кейін он бес күн мерзімнен кешіктірілмей толық және жазбаша түрде берілуі тиіс.

4. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ

4.1. Серіктестіктің жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны ретіндегі негізгі мақсаты - табыс алу болып табылады.

4.2. Осы мақсатына жету үшін серіктестік заңнамамен тыйым салынбаған қызметтердің келесі түрлерін іске асырады:

- 1) Қоғамның әлеуметтік салалары мен экономикасы, мұнайхимия және мұнайгаз өңдеу өнеркәсібінің сәйкес салалары үшін жоғары білікті мамандарды оқыту және дайындау;
- 2) Іргелі және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу;
- 3) Түрлі бағыттағы басқару қызметкерлері мен мамандардың біліктілігін көтеру мен мамандарды қайта даярлау;
- 4) Оқытушылар құрамының кәсіби деңгейін көтеру;
- 5) Тұрғындар арасына білім тарату, олардың жалпы білім алу және мәдени деңгейін көтеру;
- 6) Магистратура, аспирантура арқылы жоғары білікті ғылыми-педагогтық мамандарды дайындау;
- 7) Заңды тұлғалар мен жеке тұлғаларға ақылы білім қызметін көрсету, сонымен қатар тікелей ақы төленетін келісім-шарт бойынша оқыту;
- 8) Оқу-әдістемелік әдебиетті бастыру және тарату;
- 9) Оқушылардың отанды қорғау парызы мен оны қорғауға дайындық сезімін тәрбиелеу;
- 10) Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу, бастауыш мектеп, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім берудің, оның ішінде кәсіптер бойынша, орта білімнен кейінгі білім берудің, оның ішінде мамандықтар бойынша негізгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру қызметі;
- 11) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған және ЖШС Жарғысына сәйкес диверсификациялау тәртібімен қызметтің басқа да түрлерін жүзеге асырады.

4.3. Заңнамаға сәйкес рұқсат немесе лицензияландыруды талап ететін қызмет түрлеріне Серіктестік сондайларды алуға тиіс.

5. СЕРІКТЕСТІКТИҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

5.1. Серіктестіктің Жарғылық капиталы Құрылтайшының жеке салымы есебінен құрылады және тіркеу сәтіне 97 100 (тоқсан жеті мың бір жүз) теңге мөлшерінде белгіленеді.

5.2. Қатысушының үлесі пайыз түрінде саналады және ол 100 пайызды құрайды.

5.3. Серіктестіктің Жарғылық капиталын өзгерту (көбейту немесе азайту) алғашқы белгіленген барлық соманы енгізгеннен кейін жүзеге асырылады. Жарғылық капиталдың мөлшерін азайту туралы шешім серіктестікті қайта тіркеуден өткізген сәттен күшіне енеді.

6. МҮЛІКТІҢ ҚҰРАЛУЫ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУЫ

6.1. Серіктестіктің мүлкі оның құрылтайшысының (қатысушының) салымдары, серіктестік алған табыстар, сондай-ақ заңдарда тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен құралады.

6.2. Серіктестік меншік иесі болып табылады:

- оған құрылтайшы берген мүлктің;
- алынған пайданың, сондай-ақ, заңнамамен жол берілетін, басқа да негіздер бойынша алынған мүлктің.

6.3. Серіктестік өзіне тиесілі қаражаттарды, шикізат пен материалдық құндылықтарды сатуға, сатып алуға, басқа да кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге, басқа да заңды тұлғаларға, сондай-ақ азаматтарға беруге, егер қолданыстағы заңнамамен басқаша қаралмаса, оларды теңгерімнен алып тастауға құқылы.

6.4. Серіктестіктің мүлігі қатысушының Жарғылық капиталға алғашқы жарнасы, қосымша жарнасы, шаруашылық және коммерциялық қызметтен, пайдадан, сондай-ақ серіктестіктің белгіленген тәртіпте алған немесе алынған қарыз қаражаты және басқа мүлктен құралады.

6.5. Серіктестіктің мүлігі тек қана сот бойынша алына алады.

6.6. Серіктестік құрылтайшының міндеттемелері бойынша жауапа бермейді, ал құрылтайшы серіктестіктің міндеттемелері бойынша ЖШС мүлігіндегі өзінің үлесімен жауап береді.

7. СЕРІКТЕСТІКТИҢ ТАЗА ТАБЫСЫН БӨЛУ

7.1. Серіктестіктің бір жыл ішінде өз қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын бөлу, ЖШС құрылтайшысының шешіміне сай жүргізіледі.

7.2. Серіктестік қорлардың, резервтердің және оның түрлерінің құралу және пайдалану тәртібін өз бетімен белгілейді.

7.3. Қосымша жарналар енгізу туралы шешім серіктестіктің Құрылтайшысының шешімімен қабылданады.

8. СЕРІКТЕСТІКТИ БАСҚАРУ

8.1. Серіктестіктің істерін басқару:

- серіктестіктің жоғарғы органы - Құрылтайшымен;
- жеке атқарушы орган – Директормен қамтамасыз етіледі.

9. СЕРІКТЕСТІКТИҢ ДИРЕКТОРЫ

9.1. Директор серіктестіктің Құрылтайшысының шешімімен бес жылдан аспайтын мерзімге тағайындалады.

9.2. Серіктестік Директорының құзыретіне Құрылтайшылардың айрықша құзыретіне жатпайтын Серіктестік қызметін іске асыруға байланысты барлық мәселелер кіреді.

9.3. Директор:

- Серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- Серіктестіктің өкілі болуға құқық беретін сенімхаттар, соның ішінде бұл құқықты басқаға беру құқығы бар сенімхаттар береді;
- Серіктестік қызметкерлеріне қатысты: оларды қызметке тағайындау, басқа қызметке ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы жүйесін, қызмет бойынша жалақы мен жеке қосымша ақы мөлшерін белгілейді, сыйлық беру және көтермелеу мәселелерін шешеді, тәртіптік жазалау шараларын қолданады.

- Серіктестік мүлкі мен қаржысын басқарады, банктерде есептік және басқа да шоттарды ашады. Заң актілерінде белгіленген тәртіпте қаржылық есеп беруді ұйымдастырады;

- Филиалдар мен Серіктестік өкілдіктерін ашу туралы шешімдер қабылдайды.

9.4. Директор қызметі және оның шешімдер қабылдау тәртібі осы Жарғымен, сондай-ақ Құрылтайшы бекіткен ережелер және басқа да құжаттармен белгіленеді.

10. ҚҰРЫЛТАЙШЫНЫҢ ҚҰЗІРЕТІ

10.1. Құрылтайшының ерекше құзіретіне жатады:

- Серіктестіктің Жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін, фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, оның Жарғысын өзгерту немесе серіктестіктің жаңа редакциядағы Жарғысын бекіту;
- Серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру шешім қабылдау және осылай беру шарттарын айқындау;
- Серіктестіктің тексерушісін (ревизорын) тағайындау, және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Серіктестіктің тексерушісінің (ревизорының) есебі мен қорытындыларын бекіту;
- Серіктестік жылдық қаржылық есебін бекіту және таза пайданы бөлу;
- Серіктестіктің Жарғысында серіктестіктің өзге де органдарының құзіретіне жатқызылған құжаттардан басқа серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімін және басқа да құжаттарды бекіту;
- Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, сонымен қатар коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;
- Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, сонымен қатар коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;
- Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;
- Тарату комиссиясын тағайындау және тарату тенгерімін белгілеу;
- «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 34 бабына сай, серіктестікке қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім шығару;
- Серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілдікке беру туралы шешім қабылдау;
- Қолданыстағы Заңнамаларға сай Серіктестік мүлкіне қосымша салымдар салу туралы шешім қабылдау;
- Серіктестікке қатысушыларға және үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін және мерзімдерін бекіту.

10.2. Құрылтайшы атқарушы органның құзіретіне жататын мәселелер бойынша серіктестіктің өзге де органдарының кез-келген шешімінің күшін **жоюға** құқылы. Серіктестіктің құрылтайшысы атынан оның өкілі сенімхат бойынша қатыса алады.

10.3. Қазақстан Республикасының Заңнамасына қайшы келмейтін Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар Құрылтайшының шешімі бойынша енгізіледі және тіркеуші органда тіркелгеннен кейін жарамды болып табылады.

11. Колледжде іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламаларының тізбесі

11.1. Колледждің оқу бағдарламалары экономика салаларындағы кәсіптік қызметтердің бағыттары бойынша техникалық, қызмет көрсету және басқару еңбегі мамандарын даярлауға, жеке адамның кәсіптік және жалпы білім деңгейін жүйелі арттыруға бағытталған.

11.2. Білім беретін оқу бағдарламалары:

- жалпы кәсіптік және арнайы пәндерді табысты игеру, кәсіптік дағдыларды иелену жөнінде өндірістік оқудан өту үшін бейіндеуші болып табылатын жалпы білім беретін пәндер бойынша интеграцияланған курстарды зерделеуді;
- білім алушыларға нақты мамандық бойынша кәсіптік біліктіліктің қол жеткізілген деңгейін (разряд, сынып, санат) беруді;
- кәсіптік пәндермен қатар жоғары білім берудің 1-2 курстарының кәсіптік оқу бағдарламаларымен интеграцияланған, әлеуметтік-гуманитарлық және ғылыми жаратылыстану пәндерін оқуды;
- оқыту аяқталғаннан кейін қызмет көрсету және басқару еңбегінің кіші маманы біліктілігін беруді көздейді.

11.3. Колледж төменде көрсетілген мамандықтар бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырады:

- 0101000- Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
- 010101 3 Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі
- 0103000- Дене тәрбиесі және спорт
- 010302 3 Дене тәрбиесі және спорт пәнінің мұғалімі
- 0105000- Бастауыш білім беру
- 010501 3 Бастауыш білім берудің мұғалімі
- 0201000- Құқықтану
- 020102 3 Кеңесші –заңгер
- 0104000 – Кәсіптік оқыту (салалар бойынша)
- 010402 3 Өнеркәсіптік оқыту шебері, техник-технолог (барлық аталымдар бойынша)
- 0416000 - Сәулет;
- 041603 3 Жобалаушы -техник
- 0501000 – Әлеуметтік жұмыс
- 050101 3 Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман

0506000 – Шаштараз өнері және сәндік косметика
050606 3 Суретші - модельер
0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру
050801 2 -Аспаз
0514000 - Бағалау (салалар және қолдану аясы бойынша);
051401 3 Бағалаушы-сарапшы
0518000 – Есеп және аудит (салалар бойынша);
051802 3 Бухгалтер-ревизор (аудитор)
0601000 – Стандарттау, метрология және сертификаттау (салалар бойынша)
060102 3 Техник метролог
0801000 - Мұнай және газ скважиналарын бұрғылау және бұрғылау жұмысының технологиясы(бейін бойынша);
0809000 -Мұнай және газ кен орындарын пайдалану (бейін бойынша);
080922 3 Техник-технолог
0819000 –Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы;
081907 3 Техник-технолог
1108000 - Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану жөндеу және техникалық қызмет көрсету (түрлер бойынша);
110802 3 Электромеханик
1114000 - Пісіру ісі (түрлер бойынша);
111406 3 Пісіруші (барлық атауларымен)*
1201000 –Авто көліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану.
120112 3 Техник - механик
1211000 – Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу
121108 3 Модельер-конструктор
1302000 - Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша);
130203 3 Электромеханик
1304000 - Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық камтамасыздандыру (түрлері бойынша)
130404 3 Техник-бағдарламашы
1305000 - Ақпараттық жүйелер (қолдану аймағы бойынша);
130502 3 Техник-бағдарламашы
1401000 –Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану;
140121 3 Құрылыс-технигі
1405000 - Газ жабдықтау жүйесі мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану;
140504 3 Газ объектілері құралдарын пайдалану технигі
Барлық мамандықтар және оқу түрі бойынша оқу жоспарларының негізінде оқу жылына оқу үрдісінің графигі құрылады? Ол директордың бұйрығымен оқу жылының басында бекітіледі.

12. КОЛЛЕДЖДЕГЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ:

12.1. Азаматты Колледжге қабылдау кезінде соңғы оны Колледж Жарысымен, білім беру қызметімен айналысуға лицензиясымен және қабылдау тәртібімен оқу–тәрбиелеу ағымын ұйымдастыратын басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

12.2. Колледжге қабылдау конкурстық негізде азаматтардың өтініші бойынша немесе заңды тұлғалармен тікелей шарттар бойынша тиісті үлгідегі оқу орындарына қабылдаудың үлгілік Ережесіне сай іске асырылады.

Қабылдау жоспары Колледж директорымен анықталады.

13. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілдері, білім алушылардың сабақ режимі)

13.1. Колледждегі барлық мамандықтар бойынша білім алушыларды оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі. Қатысушының шешімі бойынша кейбір мамандықтар бойынша білім беру орыс тілінде жүргізілуі мүмкін.

13.2. Оқу жылының ұзақтығы оқу жоспарымен анықталады (мамандық және оқу нысаны кесіндісінде). Барлық мамандықтар және оқу нысандары бойынша оқу жоспарларының негізінде оқу жылына оқу процессінің кестелері құрастырылады. Оқу жылы 01 қыркүйекте басталады және мамандық бойынша бөлек оқу жоспарына сәйкес аяқталады.

Білім алушыларға қысқы мерзімде оқу жоспарларына сәйкес ұзақтығы екі апта демалыс беріледі.

13.3. Колледжде оқу сабақтарының келесі түрлері белгіленген:

- теоретикалық және тәжірибелік сабақтар;
- семинар;
- лекция;
- бақылау жұмысы;
- іс-тәжірибе.

Білім алушылардың апталық үлесі алты күндік жұмыс апталығында 36 сағаттан, ал факультативтік сабақтарын есептеумен – 40 сағаттан аспауға тиіс.

Оқу сағатының ұзақтығы 45 минутке және қосылған сабақ – 10 минуттық үзілістерімен 90 минутке созылады. Оқу бағдарламаларының ерекшеліктеріне қарай оқу сағатының ұзақтығы 45 минуттан бекітілуі мүмкін.

14. БІЛІМДЕРДІ АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУ, БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ ЖҮЙЕСІ, ОЛАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

14.1. Білім алушылардың білімі, ептілігі мен дағдылары келесі бағалармен анықталады: 5 (өте жақсы), 4 (жақсы), 3 (қанағаттандырарлық), 2 (қанағаттандырарлықсыз).

Баға емтиханда немесе пәнді оқып біткеннен (іс-тәжірибеден өткеннен) кейін студенттің оқу жұмысын ағымдағы бақылаудың нәтижесінің негізінде қойылуы мүмкін. Ағымдағы үлгерімінің нәтижесі бойынша қойылған бағамен келіспеген студенттер Колледждің директорының бұйрығымен құралған комиссияға сол пән бойынша емтихандарды қайта тапсыру құқығы беріледі.

Студенттердің білімін ағымдағы бақылау, аралық аттестация жүйесі директордың бұйрығымен бекітілген Колледж ішіндегі аттестациялық комиссиясымен іске асырылады.

Студенттердің ағымдағы үлгерімін оперативтік бақылау үшін үлгерімі және сабақтарға қатысуы бойынша әр екі ай сайын, айлардың аяғында: яғни, қазан, желтоқсан, наурыз, мамырда студенттерге аттестация жүргізіледі.

Аттестацияның нәтижесі бойынша студенттерге келесі шаралар қолданылады: барлық пәндер бойынша үлгермегендігі үшін Колледжден шығару.

Ағымдағы аттестацияның нәтижесі бойынша қанағаттандырарлықсыз бағалар бар студенттер қарызын екі апта ішінде өтеуге құқығы бар. Пәндер бойынша сынақтарды тапсырмағандар семестрлік емтихандарды тапсыруға жіберілмейді. Оларға ағымдағы үлгерім бойынша қарыздарын сынақтар және емтихандық сессия тапсыру кезінде, сонымен қатар каникул уақытында, соңғы емтиханнан кейін 10 күн ішінде жою құқығы беріледі.

Бір пәннен қанағаттандырарлықсыз баға алған студенттер жазғы емтихан сессияның нәтижелері бойынша (курстан курсқа ауысу) келесі курсқа 15 қазанға дейін қарыздарын жоюмен ауыстырылады.

Курс жұмыстарын, жобаларын қорғау семестрлік емтиханға теңдестіріледі.

Бір пәннен (іс-тәжірибеден) қанағаттандырарлықсыз бағасы бар студенттер диплом алдындағы іс-тәжірибеге қатыстырылмайды және Колледжден шығарылуға жатады. Білім мен біліктілікті бақылауды аяқталу нысандары қосымен, оқу пәндерінің 75% кем емесінен «5» бағасын және қалған пәндерден «4» алған студенттерге үздік диплом беріледі.

Ерекше диплом алу үшін емтихандарды, сынақтарды қайта тапсыру оқу жұмысы бойынша директордың орынбасарымен келісілген бөлімнің меңгерушісінің өтініш жасауымен, Колледж директорының жазбаша рұқсатымен екі пән бойынша және одан артық емес, тек «жақсы» бағасынан «өте жақсыға» мүмкіндік етіледі.

«Қанағаттандырарлық» білім бағасын одан жоғарылау бағаға тапсыруға рұқсат етілмейді.

Оқу жоспарылары мен бағдарламаларының барлық талаптарын орындаған студенттерге Мемлекеттік квалификациялық комиссиясының шешімімен алынған мамандық бойынша квалификация беріледі, колледжді бітіру туралы диплом беріледі.

15. АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

15.1. Колледждегі барлық мамандық бойынша ақылы білім беріледі.

15.2. Колледждің және білім алушының, оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі.

Білім алушы шарт жасасу кезінде бүкіл оқу кезеңіне шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда төлеген сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады.

Оқуға төлемді кезең-кезеңмен төлеген ретте төлем сомасы жалақының ұлғаюы жағдайында және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен жиі емес өзгертілуі мүмкін.

15.3 Студенттің жауапкершілігі арттыру мақсатында сынақ емтихандарды қайта тапсыру, пән айырмашылығын тапсыру, сабаққа қатыспағаны үшін, сабаққа кешігу, бақылау және курстық жұмыстар мен жобаларға қайта сын-пікір жазу үшін қосымша ақы төлеу мөлшері белгіленді;

- Бір бақылау жұмысына қосымша сын-пікір жазу күндізгі бөлімі студенті үшін-100 теңге
- Бір бақылау жұмысына қосымша сын-пікір жазу сырттай і бөлімі студенті үшін-100 теңге
- Курстық жұмысқа қосымша сын – пікір жазу-200 теңге
- Курстық жобаға қосымша сын – пікір жазу -200 теңге
- Сынақ қайта тапсыру – 100 теңге
- Емтиханды қайта тапсыру – 100 теңге
- Сабаққа қатыспағаны үшін 1 сабақ (90 минут)- 500 теңге
- Пән айырмашылығын тапсыруға жолдама- 500 теңге
- Рұқсат қағаз -100 теңге

16. КОЛЛЕДЖДІҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІМЕН ҚАТЫНАСТАРЫН РЕСІМДЕУ ТӘРТІБІ

16.1. Колледждегі білім алушылардың:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті білім беру стандарттар шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға;
- 3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;
- 4) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;
- 5) білім беру ұйымдарын басқаруға қатысуға;
- 6) қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан басқасына немесе оқудың бір нысанынан басқасына ауысуға;
- 7) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстар тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуіне;
- 8) спорт, оқу, акт залдарын, кітапхананы тегін пайдалануға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алуға;
- 10) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;
- 11) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 12) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

16.2. Колледждің күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушыларының:

- 1) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруіне;
- 2) оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен ұштастыруға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызметке шақырылу мерзімін кейінге қалдыруға құқығы бар.

16.3. Медициналық айғақтар бойынша және өзге де ерекше жағдайларда білім алушылар академиялық демалыс берілуі мүмкін;

16.4. Білім алушыларды оқу процесінен алаңдатуға жол бермейді.

16.5. Білім алушылар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарға сәйкес білімді, шеберлік, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтау білім беру ұйымының жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

16.6. Білім алушылар өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға міндетті.

16.7. Білім алушылар педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

16.8. Білім алушыларды Колледжден шығару:

- Өз тілегі бойынша;
- ВКК қорытындысы негізінде денсаулығының жағдайы бойынша;
- Басқа оқу орнына ауысуына байланысты;
- Аттестацияның, қысқы және жазғы емтихандық сессиялардың нәтижесі бойынша академиялық үлгерімсіздігі үшін;
- Колледждің оқу тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін;
- Қарулы Күштер қатарына шақырылғанда жүзеге асырылады.

Оқуға уақытылы ақы төлемегенде білім алушылар қысқы және жаздық емтихандық сессияларға, мемлекеттік емтихандарға және диплом жобасын қорғауға жіберілмей, артынан оқудан шығарылады.

Оқушыларды колледже қайта алу:

- Білім алушының арызы бойынша;
- ВКК қорытындысы сәйкес денсаулығы қайта қалпына келгеннен кейін;
- Оқу үшін қарызын өтегеннен кейін жүзеге асырылады;

Оқушылар қатарына қайта алу:

- Бұрын оқу ұйымынан шығарылған тұлғаларды оқушылар санына қайта алу оқудағы үзілістің ұзақтығына, шығарудың себебіне және қызмет стажына байланысыз директордың бұйрығымен жасалады;
- Директор екі апта мерзімде ауыстыру немесе қайта алу туралы өтінішті қарап және қабылдаудың мерзімін, курстық және де басқа жағдайларды анықтауға немесе бас тартудың себебін көрсетуге тиісті.

Білім алушыларды бір мамандықтан екінші мамандыққа ауыстыру оқудың курсы бітіргеннен кейін бос орындар болса және бөлімше меңгерушілерінің келісімімен (пәндердің айырмашылығын тапсыруды есептеумен) директордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

Білім алушыларды Колледжден шығару, қайта алу және ауыстыру директордың бұйрығымен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі анықтаған тәртіппен іске асырылады.

16.9. Колледжде білім алушылардың науқастануын болдырмау, денсаулығын нығайту, тән саулығын жетілдіру, салауатты өмір салтына ынталандыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуын қамтамасыз етіледі.

16.10. Колледжде оқытудың, тәрбиелеудің, еңбек пен тынығудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік директор мен құрылтайшыға жүктеледі.

16.11. Білім алушылардың ата аналарымен өзге де өкілдерінің:

- 1) Баланың тілегін жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;
- 2) Ата аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 3) Білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
- 4) Өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық медициналық педагогикалық консультациялық көмек алуға;
- 5) Балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына құқығы бар.

16.12. Ата аналар мен өзге де заңды өкілдер:

- 1) Балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде Колледжде жәрдем көрсетуге;
- 3) Балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті.

17. ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ КОЛЛЕДЖ БАСШЫСЫНЫҢ, ПЕДОГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

17.1. Қызметкер мен білім беру ұйымының еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

17.2. Білім беру ұйымыны басшысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

- білім беру ұйымы білім алушыларының, қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;
- өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;
- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын бұзғаны;
- білім беру ұйымы білім алушыларының және қызметкерлерінің оқу және тәрбие процесі кезінде өмірі мен денсаулығы;
- қаржы шарушылық қызметтің жай күйі, оның ішінде материалдық және ақша қаржаттарын нысаналы пайдаланбағаны;
- нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптарды өзге де бұзғаны үшін жауаптылықта болады.

17.3. Тиісті бейіні бойынша арнайы педагогтік немесе кәсіптік білімі бар адамдар педагогтік қызметпен айналысуға жіберіледі.

Педагог қызметкердің:

- 1) Кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға;
- 2) Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
- 3) Жеке педагогтік қызметке;
- 4) Тиісті білім беру деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға бір дейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары сақталған кезде педагогтік қызметті ұйымдастырудың әдістерімен нысандарын еркін тыңдауға;
- 5) Білім беру ұйымдарын басарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
- 6) Ұзақтығы төрт айдан аспайтын, бес жылда кем дегенде бір рет біліктілігін артыруға;
- 7) Санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;
- 8) Педагогтік қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтармен атаулы стипендиялар түріндегі моральдық және материалдық көтермеленуге;
- 9) Өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір қасиетінің қорғалуына;
- 10) Әскери қызметке шақырылу мерзімін кейінге қалдырылуына;
- 11) Ғылыми қызметпен айналысу үшін педагогтік стажы сақтала отырып, шығармашылық демалыс алуға;
- 12) Білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға құқығы бар.

Педагог қызметкер:

- 1) Өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;
- 2) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

- 3) Білім алушылардың жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;
- 4) Білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- 5) Өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;
- 6) Бес жылда бір рет аттестаттаудан өтуге;
- 7) Педагогтік әдеп нормаларын сақтауға;
- 8) Оқушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Міндеттері мен педагогтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарында және еңбек шартында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

17.4. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, педагог қызметкерлерді өздерінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді.

17.5. Колледждегі педагогтік қызметіне сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған адамдар жіберілмейді.

18. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ, КОЛЛЕДЖ ҚЫЗМЕТІН МАТЕРИАЛДЫҚ – ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

18.1. Колледж қаржы қорының көздері;

- Қаржылық қызмет нәтижесінде, сонымен қатар мемлекеттік сұраныс бойынша алынған қаражаттар;

- Жарғылық қызмет аясы нәтижесінде, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша тапқан қаржысы;

- Ерікті жарналар және заңды тұлғалар мен азаматтардың қайырымдылық үлестері;

- Қазақстан Республикасының заңдарымен шектелмеген басқа табыс көздері;

- Оқу – әдістемелік әдебиетін, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын білім стандарттарын сатып, қаржы табу;

- Жабдықтарды, ғимарат бөлмелерін жалға беруден түскен табыстар;

- Жұмысшы мамандықтар дайындау және қайта дайындау бойынша қызметтерден түскен табыстар;

- Құжаттарды бастыру және көбейтіп сатудан түскен табыстар;

- Оқулықтарды, қатаң есептілік бланкілерін жоғалтқаны үшін салынған айыппұлдардан түскен табыстар;

18.2 Колледж үшін мемлекеттік тапсырысты орындау міндетті болып табылады. Мемлекеттік тапсырыс Колледжге Құрылтайшы мен заңды белгіленген тәртіп бойынша беріледі.

18.3 Колледждің бюджеттік табыстарын бөлу тәртібін Қазақстан Республикасы заңдары Құрылтайшы анықтайды.

18.4 Кәсіпорын мекеме, ұйымдар және жеке тұлғалармен, сонымен қатар түрлі деңгейдегі бюджет қаржысы есебінен стандартты бағдарлама бойынша оқып жүрген студенттермен (өз еркі бойынша) келісім-шарт бойынша қалыптасқан білім беру бағдарламалары және мемлекеттік білім беру стандартынан тыс қосымша ақылы білім беру қызметін көрсете алады.

18.5 Колледж Қазақстан Республикасы заңдары мен осы Жарғыға қарсы келмейтіндей шарттарды және міндеттерді анықтап, келісім-шарт жасауға байланысты мәселелерді өз бетімен шешеді.

19. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

19.1. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) серіктестік қатысушысының шешімі бойынша ерікті түрде немесе заңнамамен қарастырылған басқа да негіздер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

19.2. Егер заң актілерінде немесе қайта ұйымдастыру туралы шешімде өзгеше көзделмесе, қайта ұйымдастырылған серіктестіктің мүлкі оны тіркеу кезінде оның құқықтық мұрагеріне ауысады.

19.3. Серіктестік қолданыстағы Заңнамамен қарастырылған тәртіпте, қайта ұйымдастырылған болып саналады.

19.4. Серіктестік оның қатысушысының шешімі бойынша таратыла алынады.

19.5. Сот шешімі бойынша Серіктестік:

- банкрот болған;

- серіктестікті құру кезінде жоюға болмайтын сипатта заң бұзушылыққа жол берілуіне байланысты оның тіркелуі жарамсыз деп танылған;

- қызметті тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) немесе заң актілерімен тыйым салынған қызметті не заңдарды бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып жүзеге асырған жағдайларда таратыла алады.

19.6. Тарату туралы шешімді қабылдаған орган тарату комиссиясын құрады, тіркеуді жүргізетін органға тарату процессі басталғаны туралы хабарлайды, ақпаратты баспасөз арқылы жариялайды және

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес таратылу тәртібі мен уақытын белгілеу лицензиясынан айырылған немесе таратылған жағдайда оның құрылтайшысы (құрылтайшылары) білім алушыларды оқуын жалғастыру үшін басқа білім беру ұйымдарына ауыстыруға шаралар қолданады.

19.7. Серіктестікті таратарда осы Жарғы күшін жоғалтады.

19.8. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан және серіктестіктің мүлкін өткізінен кейін қалған мүлікпен ақшалай қаражат ЖШС Құрылтайшысына төленеді.

19.9. Серіктестік оның таратылуын тіркеген күннен, заңды тұлға құқығын жоғалтады және қызметін тоқтатқан болып саналады.

19.10. Осы Жарғы оны тіркеген сәттен күшіне енеді.

СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ:

Болатбаева Тлектес Аманқосовна



1.1. Данный Устав регламентирует деятельность юридического лица- организации образования, образованного в виде Товарищества с ограниченной ответственностью, далее именуемого как «Товарищество», в некотором «Колледж», действующего на основании Конституции Республики Казахстан, Гражданского кодекса Республики Казахстан, Законов Республики Казахстан: «О Товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью», «Об образовании» и иных законодательных актов и учредительных документов в качестве субъекта малого предпринимательства.

1.2. Наименование товарищества:

- на государственном языке - «Жанаөзен политехникалық колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- на русском языке – Товарищество с ограниченной ответственностью «Жанаөзен политехникалық колледжі».

1.3 Место нахождения юридического лица: 130200 Республика Казахстан, Мангистауская область, город областного значения Жанаозен, село Рахат, микрорайон Аксу, улица Басығара Тұрғиязұлы, строение 76, 76 А.

1.4. Учредителем ТОО «Жанаөзен политехникалық колледжі» именуемый в дальнейшем участник, является гражданка Республики Казахстан, Болатбаева Тлектес Аманкосовна, удостоверение личности за 017880212 выданное МЮ РК от 07.01.2005 года, проживающая по адресу: 130200, Республика Казахстан, Мангистауская область, город Жанаозен, микрорайон Астана, ул 6, дом 9.

2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС, КОМПЕТЕНЦИЯ, ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ТОВАРИЩЕСТВА

2.1 . Товарищество считается созданным с момента его государственной регистрации.

Товарищество является организацией образования, который реализуют образовательные учебные программы и обеспечивает воспитание обучающихся, участник которого не отвечает по его обязательствам и несет риск убытков, связанных с деятельностью товарищества в пределах стоимости внесенного им вклада.

2.2. Срок деятельности Товарищества: бессрочно.

2.3. Товарищество осуществляет свою деятельность на основании Устава.

2.4 Товарищество в качестве организаций образования самостоятельна в осуществлении учебного и воспитательного процесса, подборе и расстановке кадров, научной, финансово – хозяйственной и иной деятельности в пределах, установленных законодательством Республики Казахстан, типовыми правилами деятельности организации образования.

2.5. Товарищество свою деятельность осуществляет гласно, информируют общественность об учебной, научно- исследовательской и финансовой деятельности.

